

## №1 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы

№1 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 10.09.2022ж

Қатысқандар саны: 15.

### **Күн тәртібінде**

1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін меңгерту.
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шаралары талдау.
3. Ертеңгіліктер сценариларын бекіту.
4. Ата-аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан сөз алды. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін меңгерту» тақырыбында баяндама тыңдалды.

**Баяндама мақсаты:** Баланың танымдық қабілетін дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай жүйрік етіп тәрбиелеу.

**Міндеті:** Балалардың ықылас зейінін сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау. Танымдық-сөздік бағыты әр сәби тұлғасының толық даму негізі ретінде қарастырылуы мүмкін. Тіл сөйлесудің жүргізуші құралы ретінде бала әрекетінің барлық түрін сүйемелдейді. Тіл сапасы ойында, оқу қызметінде, суретті ойластыру мен талдауда, серуендегі бақылауда, көріністі талдағанда және т/б қолдана алу біліктілігі бала әрекеті оның құрдастарымен қабылдануы, беделі мен бала қоғамындағы бедел жағдайына байланысты. Тіл әрекеті-танымсыз, баланың айналадағы әлемді игерусіз мүмкін емес. Сонымен қатар Е.М.Тихиева айтқандай –баланы бос қабырғаның ортасында сөйлете алмайсың. Топ заманауи ойындармен, дидактикалық құралдармен жабдықталуы тиіс. Тек сонда ғана орта танымдық, тілдік қозғалыс және шығармашылық белсенділігінің құрылуына көмектеседі. Осы мақсатта тәрбиешілер мен жеке мамандардың бала әрекетінің барлық түрінде балалардың тілдік дамуындағы мақсатты жұмыс жасау керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Егізбаева Нұргүл сөз алды. Өз сөзінде күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын талдау барысында, топтарда таңертеңгілік жаттығулар, тамақ алдында тамақтан соң қолдың жуылуын, күннің екінші жартысындағы сауықтыру шынығу шараларының жүргізілуі туралы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Тожиева Нұржахан сөз алды. Өз сөзінде тәрбиешілерге берілген ертеңгіліктердің сценарилары тексеріліп, бекітілген. Желтоқсанның бірі-тұңғыш елбасы күні, 16-желтоқсан-тәуелсіздік күні, жаңа жылдық сценарилар бекітілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан апай сөйледі. Өз сөзінде топтардағы ата-аналар бұрыштары мен топтардағы бұрыштарды жаңартуға ұсыныс тастады. Топ бұрыштарына бес білім саласы бойынша бұрыштарды жаңартып, жасақтап қоюларын талап етті.

**Қаулы етеді:**

1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін меңгерту мақсатында жаңартылған мазмұнмен жұмыс барысы күшейтілсін.

2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шаралары жүйелі жүргізілген.

3. Ертеңгіліктер сценарилары қанағаттарлық деп танылып, бекітілсін.

4. Ата-аналар бұрыштары және топтарға арналған бұрыштар берілген барысына дейін орындалсын. Жауапты; топ тәрбиешілері.

**Балабақша меңгерушісі:**

**Хатшысы:**



**П.Б.Жүніс**

**Ж. Жамашева**

## №2 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы

№2 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 12.11.2022ж

Қатысқандар саны: 15.

### **Күн тәртібінде**

1. «Көркем әдебиет арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу»
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау.
3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі-дидактикалық материалдарды осы программалары бойынша жүйелендіру.
4. Балалардың біліктілігін деңгейлерінің мониторингін талдау (барлық топтарда)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ералиева Пернептің «Көркем әдебиет арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу тақырыбында дайындалған баяндамасы тыңдалды. Көркем шығармалар арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориялық негіздері, балаларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері, көркем шығарма арқылы балаларға патриоттық тәрбие беру бойынша жүргізілген тәжірибелік, эксперимент жұмыстары туралы осы баяндамада нақтыланып айтылып өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында білім беру мәселесіне ерекше көңіл аударып, өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриоттық сезімге, отаншылдыққа тәрбиелеуді қажеттілігін атап көрсетті. Патриотизм-туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Оның негізгі элементтері туған жер, ана тілі, елдің әдет-ғұрпы мен салт –дәстүрі және оларды құрмет тұту. Ұрпақ тәрбиесінде көркем шығармалар баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу құралы екені сөзсіз. Көркем шығарманы оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану және көркем шығарма жанрлары негізінде балаларды тәрбиелеу мәселесі бірнеше ғылыми-педагогикалық еңбектерде көрсетілгені зерттеу барысында анықталды. Көркем шығармалар өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриоттыққа баулып, ар-намысын, адамгершілік үшін күресуге тәрбиелеп, қайрат, ақыл, жүректілік сияқты адам бойындағы қасиеттерді қалыптастыру.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан сөз алды. Өз сөзінде Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау барысында Жаңа бағдарламаларды іске асыру мақсатында тәрбиешілер «Педагогтардың шеберлік орталығында» өз білімдерін жетілдіріп қайтты және де өз тәжірибелерімен әдіс алмасу мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өтілді. К-4 модельі бойынша әдіс алмасты. Жалпы жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан сөз алды. Өз сөзінде педагогтардың инновациялық қызметімен таныстырды және де осы программалары бойынша көрнекі дидактикалық материалдар жасақталып, жан-жақты талқыланды.

IV мәселе бойынша балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан сөйледі. Өз сөзінде барлық топтарда балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингі талданды. I-ші жарты жылдық мониторинг көрсеткіші жақсы, бастапқы қалыпқа қарағанда жоғары пайыз көрсетілгенін айтып өтті.

Қаулы етеді;

1. Баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшысы:



П. Б.Жүніс

Ж. Жамашева

№3 меңгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы

№3 меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 12.02.2023ж

Қатысқандар саны: 15.

**Күн тәртібінде**

1. 5-6 жасар балалардың ойын арқылы және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту
2. «8-Наурыз» және «Жыл басы-Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау
3. «Шығармашылық» және «Қатынас» білім салаларын интеграциялық (кіріктіру) жайлы ақпарат
4. Тамақтануды ұйымдастыру сапасын талқылау
5. Мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Қоршабаева Айнұрдың «5-6 жасар балалардың ойын арқылы және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту» тақырыбында дайындалған баяндамасы тыңдалды. Баяндама жан-жақты талқыланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жүніс Перизат Бегманқызы сөз салды. Өз сөзінде «8- Наурыз» және «жыл басы Наурыз» ертеңгіліктерінің дайындығы туралы айтып өтті. Карантин жағдайына байланысты 8-Наурыз ертеңгілігі әр топ жеке тортарда өтілетінін атап айтты. «Жыл басы-Наурыз» ертеңгілігін, ұмытылып кеткен қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу мақсатында топтарда осы салт-дәстүрлерді ұйымдастыру ұсынылды. Ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер т,б

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Шығармашылық» және «Қатынас» білім салаларын интеграциялау туралы балабақша әдіскері Тожиева Нұржахан ақпарат берді.

«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасының оқу тәрбие жұмысының негізгі мақсаттарының бірі ұйымдастырылған оқу қызметін бір-бірімен кіріктіру әдісімен интегралды жүйені іске асыру. Білім салаларын интеграциялау тақырыптың толық ашылуын балаларға сол туралы толық түсінік алуына мүмкіндік береді. Интегралды жүйені іске асыру барысында кіріктірілетін ұйымдастырылған оқу қызметті бір-бірімен сабақтастырып бір желі ішінде сюжетті оқу қызметі ретінде ұйымдастырылған жөн.

Мысалы: Қатынас білім беру саласы бойынша көркем әдебиетті «жемістер жыры» өлеңін оқып беріп, шығармашылық білім саласы бойынша сурет салуда «жемістер» тақырыбында сурет салғызып, екі ұйымдастырылған оқу қызметті кіріктіруге болады. Ұйымдастырылған оқу қызметті кіріктіруге болады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастырар алдында тақырыптық бір-бірімен жақындылығына, бір желі ішінде ұйымдастыруға болатындығына мән беру керек-деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау» бойынша балабақша мейірбикесі Егізбаева Нұргүл сөйледі. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын көтеру үшін дәрумендерді көбірек пайдалану туралы баяндама тыңдалды. Дәруменнің түрлері жайында түсіндірме беріліп, қай дәрумен, қай тағам түрінде болатыны туралы кеңес берілді. Демонстрациямен жұмыс жүргізіліп, балалардың бір күндік тамақ жеу көлемі және қанша көлемде дәрумендер мен құнарлы заттарды пайдалану мөлшері жайлы айтылды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Егізбаева Нұргүл мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарды айтып өтті. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығының басты құралы дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары болып табылатынын атап көрсетті. Күннің II-ші жартысындағы сауықтыру шаралары күн, су, ауаның тікелей қатысуымен жасалатынын, рига тәсілі бойынша тамақтарын тұзды сумен шаю, табандарына тұзды шүберекті басу, кедір-бүдір кілемше үстімен жүру, денені ысқылау нүктелі массаж т.б барлық топтарда жүйелі түрде жүргізіп отыратынын айтты.

Қаулы етеді:

1. Баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «8-Наурыз» және «Жыл басы-Наурыз» мерекелерін ұйымдастыру топ тәрбиешілері мен саз жетекшісіне жүктелсін.
3. Күн тәртібіндегі сауықтыру-шынықтыру шаралары жүйелі жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшысы:



П. Б.Жүніс

Ж.Жамашева